

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасының қаржы секторына шолу

2023 жылғы қазан

Мазмұны

Негізгі оқиғалар.....	5
1. Банк секторы	8
2. Сақтандыру секторы	14
3. Бағалы қағаздар нарығы	19
4. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (банктік емес сектор).....	25
5. Микроқаржылық қызмет	28
6. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау.....	31

Кестелердің тізімі

1.1-кесте. Банк секторының құрылымы.....	8
2.1-кесте. Сақтандыру секторының құрылымы.....	14
3.1-кесте. Ұжымдық инвестициялар нарығының құрылымы	21
3.2-кесте. Бағалы қағаздар нарығының құрылымы	22
4.1-кесте. Банктік емес сектордың құрылымы	25
4.2-кесте. Ипотекалық ұйымдардың несиелік портфелінің құрылымы	25
4.3-кесте. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың несиелік портфелінің құрылымы.....	26

Суреттердің тізімі

1.1-сурет. Банктердің активтері	8
1.2-сурет. Өтімділігі жоғары активтер	8
1.3-сурет. Банктердің міндеттемелері, капиталы	9
1.4-сурет. Банктер кірістілігінің көрсеткіштері	9
1.5-сурет. Экономикаға берілген кредиттер.....	9
1.6-сурет. Экономикаға берілген кредиттердің құрылымы	9
1.7-сурет. Валюталар бойынша экономикаға берілген кредиттер	10
1.8-сурет. ШОБ және ІБ қарыздары.....	10
1.9-сурет. Жеке тұлғаларға кредит беру	11
1.10-сурет. Теңгемен берілген кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлемелер ..	11
1.11-сурет. Жұмыс істемейтін қарыздар	12
1.12-сурет. Депозиттік ұйымдардағы резиденттердің депозиттері	12
1.13-сурет. Теңгемен депозиттер бойынша мөлшерлемелер	12
2.1-сурет. Сақтандыру ұйымдарының активтері	14
2.2-сурет. Сақтандыру ұйымдары активтерінің құрылымы	14
2.3-сурет. Сақтандыру ұйымдарының резервтері және капиталы.....	15
2.4-сурет. Сақтандыру секторының кірістілігі	15
2.5-сурет. Сақтандыру сыйлықақыларының серпіні	16
2.6-сурет. Жасалған шарттар саны.....	16
2.7-сурет. Сақтандыру төлемдерінің серпіні	16
2.8-сурет. Сақтандыру төлемдерінің саны	16
2.9-сурет. Сақтандыру сыйлықақылары/төлемдері.....	17
2.10-сурет. Қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар және қайта сақтанушылардан өтемақы	17
3.1-сурет. Акциялар нарығын капиталдандыру	19
3.2-сурет. Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі	19
3.3-сурет. Айналыстағы облигациялар	20
3.4-сурет. Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттық көлемі.....	20

3.5-сурет. Номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы	20
3.6-сурет. Мемлекеттік бағалы қағаздар сауда-саттық көлемі.....	20
3.7-сурет. Инвестициялық пай қорларының активтері	22
3.8-сурет. Инвестициялық пай қорлары активтерінің құрылымы.....	22
3.9-сурет. Номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі шоттардың саны	23
3.10-сурет. Брокерлер және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың қаржылық көрсеткіштері.....	24
3.11-сурет. Брокерлер және (немесе) дилерлер және инвестициялық портфельді басқарушылар активтерінің құрылымы	24
4.1-сурет. Ипотекалық ұйымдардың активтері және несие портфелі.....	25
4.2-сурет. Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері, капиталы	25
4.3-сурет. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың активтері мен несие портфелі	26
4.4-сурет. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың міндеттемелері, капиталы.....	26
5.1-сурет. МҚҚЖҰ активтерінің серпіні	28
5.2-сурет. МҚҚЖҰ міндеттемелерінің серпіні	29
5.3-сурет. МҚҚЖҰ меншікті капиталының серпіні	29
5.4-сурет. МҚҚЖҰ несие портфелінің сапасы.....	29
5.5-сурет. Субъектілер тұрғысынан берілген микрокредиттер	29
6.1-сурет. Қаржылық қызметтерді тұтынушылар өтініштерінің саны.....	31
6.2-сурет. Қаржылық қызметтерді тұтынушылар өтініштерінің құрылымы	31

Қысқартулар мен аббревиатуралар тізімі

Агенттік	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
ТИАИҚ	Тәуекелмен инвестицияланатын акционерлік инвестициялық қор
АИҚ	Акционерлік инвестициялық қор
ЕДБ	Екінші деңгейдегі банктер
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
МБҚ	Мемлекеттік бағалы қағаздар
ЕОБ	Еуропа орталық банкі
ЖИПҚ	Жабық инвестициялық пай қоры
АИПҚ	Аралық инвестициялық пай қоры
ДК	Дара кәсіпкер
ІБ	Ірі бизнес
ШОБ	Шағын және орта бизнес
МҚҰ	Микроқаржы ұйымдары
ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
МҚҚЖҰ	Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар
АИПҚ	Ашық инвестициялық пай қоры
ИПҚ	Инвестициялық пай қоры
РЕПО	Repurchase Agreement/Сатып алу келісімі
БҚН	Бағалы қағаздар нарығы
ХӘОТ	Халықтың әлеуметтік осал топтары
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ETF	Биржада саудаланатын қор (exchange traded fund)
KASE	Қазақстан қор биржасы
ROA	Активтердің рентабельділігі (return on assets)
ROE	Меншікті капиталдың рентабельділігі (return on equity)

Негізгі оқиғалар

2023 жылдың қазан айында сыртқы нарықтарда дамыған елдердегі пайыздық мөлшерлемелер бойынша шешімдерді күту, сондай-ақ Таяу Шығыстағы қақтығыстарға байланысты геосаясаттың шиеленісуі аясында құбылмалылықтың өсуі байқалды. Осылайша, АҚШ ФРЖ және ЕОБ отырысының қорытындысы бойынша базалық мөлшерлемені тиісінше 5,25% -5,5% және 4,5% деңгейінде сақтап қалды. Сонымен қатар, АҚШ-тағы жылдық инфляция 2023 жылғы қыркүйектегі 3,7%-дан 2023 жылғы қазандағы 3,2%-ға дейін, Еуроаймақта 4,3%-дан 2,9%-ға дейін төмендеді. 2023 жылғы қазан айындағы АҚШ долларының индексі 0,4%-ға 106,2-ден 106,7-ге дейін өсті, ал АҚШ-тың 10 жылдық мемлекеттік облигацияларының кірістілігі 4,6%-дан 4,9%-ға дейін өсті. Бұл ретте, он алтыншы ай қатарынан байқалып отырған АҚШ-тың 10 жылдық және 2 жылдық мемлекеттік облигацияларының кірістілігінің теріс спрэді 0,4 п.т.-дан 0,2 п.т.-ға дейін қысқарды. Бұл жағдайларда S&P индексі 2023 жылғы қазанда 2,2%-ға, Nasdaq – 2,8%-ға, Dow Jones – 1,4%-ға төмендеді.

2023 жылғы қазан айында Brent маркалы мұнай бағасы АҚШ-тағы мұнай қорының ұлғаюы аясында барреліне 95,3 доллардан 87,4 долларға дейін 8,3%-ға төмендеді. Бұл ретте KASE-дегі теңгенің АҚШ долларына шаққандағы айырбастау бағамы 2023 жылғы қазандағы 474,5 теңгеден 469,7 теңгеге дейін 1,0%-ға нығайды. Бұл ретте, теңгенің Ресей рубліне шаққандағы бағамы 4,88-ден 5,07 теңгеге дейін немесе 3,9%-ға әлсіреді.

Ұлттық экономика министрлігінің жедел ақпараты бойынша, 2023 жылғы қаңтар-қазан айларында Қазақстанның ЖІӨ өсімі өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 4,9%-ды құрап, 2023 жылғы қаңтар-қыркүйектегі 4,7%-дан жеделдеді. Экономиканың өсуін жеделдету нақты сектордағы өндірістің 3,8%-ға дейін және қызмет көрсету саласында 5,4%-ға дейін ұлғаюымен байланысты. Инфляция сыртқы ортаның проинфляциялық қысымының біртіндеп әлсіреуі және өткен жылдың жоғары базасынан шығу аясында баяулауды жалғастырды. 2023 жылғы қазан айындағы жылдық инфляция 2023 жылғы қыркүйектегі 11,8%-дан баяулап, 10,8%-ды құрады. Нақты инфляция мен инфляциялық күтулердің серпінін ескере отырып, Ұлттық Банктің Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеті 2023 жылғы 9 қазанда базалық мөлшерлемені 16,0%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады (пайыздық дәліз +/- 1,00 п.т.).

Ұлттық Банктің мәліметінше, 2023 жылдың қазан айында іскерлік белсенділік индексі 49,6 құрап, 0,6 тармаққа ұлғайды (2023 жылғы қыркүйекте – 49,0), бірақ әлі де теріс аймақта. Көрсеткіштің жақсаруы тек өндірісте байқалды, онда индекс оң аймаққа өтіп, 51,6 құрады (қыркүйекте – 49,5). Қызмет көрсету секторындағы шамалы жақсартуларға қарамастан, жеткізудің ұзақ мерзімдері мен жұмыспен қамту деңгейінің төмендеуіне байланысты құрылыстағы, қызмет көрсету секторындағы және тау-кен өнеркәсібіндегі іскерлік белсенділік индекстері теріс аймақта.

Ағымдағы жылғы қазан айында кредиттік және тұтынушылық белсенділіктің өсуінің баяулауы кезінде инвестициялық белсенділіктің жеделдеуі байқалды. 2023 жылғы қаңтар-қазан айларында негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсуі 2022 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 12,6%-ға дейін жеделдеді, ал экономикаға берілетін кредиттердің жылдық өсуі 22,7%-дан 22,4%-ға дейін баяулады. Бөлшек сауданың жылдық нақты мәндегі өсу қарқыны 2023 жылғы қаңтар-қыркүйек айларындағы 7,2%-дан 2023 жылғы қаңтар-қазандағы 6,9%-ға дейін төмендеді.

Мемлекеттік бюджет 2023 жылғы қаңтар-қазан айларында 2,2 трлн теңге мөлшерінде тапшылықпен қалыптасты, бұл 2022 жылғы қаңтар-қазан айларындағы тапшылықтан 1,3 трлн теңгеге артық (-868 млрд теңге). Бюджет тапшылығы 2022 жылғы қаңтар-қазанмен салыстырғанда түсімдердің 17,6%-ға өсуі кезінде шығыстардың 24,5%-ға озыңқы өсуіне байланысты қалыптасты.

Қабылданған реттеушілік шаралар

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру шеңберінде Агенттік Басқармасының 2023 жылғы 17 қазандағы № 75 қаулысымен «Банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, Ақпараттық жүйелердегі бұзушылықтар, іркілістер туралы мәліметтерді қоса алғанда, ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпаратты беру қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» ҚРҰБ Басқармасының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 48 қаулысына мыналар көзделетін толықтырулар енгізілді:

- мобильдік құрылғыда қосымшаны алғаш іске қосқан кезде СДАО арқылы клиентті биометриялық идентификаттауды пайдалану;
- мобильдік қосымшаға кіру кодын өзгерту үшін СДАО арқылы клиентті биометриялық идентификаттауды пайдалану;
- мобильдік құрылғыны қауіпсіздік функцияларының бұзылу белгілеріне тексеру (Jailbreak, root access);
- мобильдік құрылғыда қашықтан басқару бағдарламаларын пайдалану кезінде қосымшаның жұмысын шектеу;
- қосымшада ақшалай қаражатпен операцияларды жүзеге асыру барысында геолокациялық деректерді жазу.

2023 жылғы 30 қазанда Агенттік Басқармасы қаржы секторын дамытуға бағытталған мынадай қаулыларды бекітті:

1. Агенттік Басқармасының № 78 қаулысымен «Мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары тарату комиссияларының есептер мен қосымша ақпаратты беру нысандарын, мерзімдерін және кезеңділігін бекіту туралы» ҚРҰБ Басқармасының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 65 қаулысына тарату комиссиялары үшін мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру/қайта сақтандыру ұйымдарының есептілік нысандарына өзгерістерді көздейтін өзгерістер енгізілді.

2. Агенттік Басқармасының № 79 қаулысымен 2024 жылға арналған «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін пайдаланылатын түзету коэффициенттерінің мөлшері бекітілді;

3. Агенттік Басқармасының № 81 қаулысымен «Электрондық тәсілмен микрокредиттер беру қағидаларын бекіту туралы» ҚРҰБ Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 217 қаулысына клиентті мобильдік қосымшада тіркеу рәсімін жеңілдету және алаяқтық тәуекелдерін азайту үшін микроқаржы ұйымдарының қызметтерін қашықтан көрсетудің бағдарламалық қамтамасыз етуінің қауіпсіздігіне қосымша талаптарды көздейтін өзгерістер енгізілді;

4. Агенттік Басқармасының № 82 қаулысымен Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын қайта қаржыландыру бағдарламасына мыналарды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

- ХЭОТ – қамтылмаған қарыз алушыларға қосымша көмек көрсету мерзімін 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін, қарыз алушылардың өтініш беру мерзімін – 2024 жылғы 1 қазанға дейін ұзарту;

- банктерге бағамдық айырма төлей отырып, қалған 50 қарыз алушының валюталық қарыздарын конвертациялау/қайта қаржыландыру мерзімін 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзарту;

- Агенттіктің 1-бөлім бойынша салымның бір бөлігін 1-бөлім бойынша қайта қаржыландырылған қарыздардың негізгі борышын өтеуден түсетін ақша есебінен қалыптастырылған сомаға оларды кейіннен Бағдарламаға қатысушыларға Бағдарламаның 2-бөлімі мен 2-1-бөлімінің мақсаттарына қайта бөлу үшін мерзімінен бұрын талап ету құқығын белгілеу;
- бұрын орналастырылған облигациялардың «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ-тан «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ-тың (бұдан әрі – ҚТК) мерзімінен бұрын өтеу (кері сатып алу) рәсімдерін жүргізбей, 1-бөлім бойынша белгіленген ҚТК лимитін 2-1-бөлімге қайта бөлу;
- қарыздарды қайта қаржыландыру/ХӨОТ санатына жататын қарыз алушыларға қолдау шараларын көрсету туралы Комиссиялардың шешімдерін орындамағаны үшін банктердің жауапкершілігін белгілеу;
- банктердің жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды қайтару мерзімін айқындау, сондай-ақ оларды уақтылы қайтармағаны үшін айыппұл санкцияларын белгілеу.

1. Банк секторы

01.11.2023ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторында 21 екінші деңгейдегі банк бар, оның ішінде 11 банк шетелдің қатысуымен, оның ішінде 8 еншілес банк.


1.1-кесте. Банк секторының құрылымы

	01.01.2022	01.01.2023	01.10.2023	01.11.2023
Барлығы ЕДБ	22	21	21	21
Барлығы ЕДБ филиалдары	259	250	257	257
Барлығы бейрезидент-банктердің ҚР-ғы өкілдіктері	19	19	19	19
Барлығы ЕДБ-нің шет елдегі өкілдіктері	4	4	4	4


1.1. Банктердің қаржылық көрсеткіштері

Банк секторының жиынтық активтері 2023 жылғы қазанда, негізінен, өтімді активтердің 2,2%-ға өсуі есебінен 1,0%-ға (2023 жылдың басынан бастап 8,6%-ға өсу) ұлғайып, 01.10.2023 жылғы жағдай бойынша 48 374 млрд теңгені құрады (1.1-сурет).

1.1-сурет. Банктердің активтері



1.2-сурет. Өтімділігі жоғары активтер



Екінші деңгейдегі банктерде 14 572 млрд теңге сомаға (жиынтық активтердің 30,1%-ы) өтімділігі жоғары активтер бар, олар 2023 жылғы қазанда 2,9%-ға ұлғайды (1.2-сурет). Өтімділіктің жеткілікті қорының болуы банктерге өз міндеттемелеріне толық көлемде қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.


Банк секторының міндеттемелері 2023 жылғы қазанда 41 962 млрд теңгеге дейін 0,8%-ға ұлғайды (2023 жылдан бері 6,7%-ға өсу). Банк секторы міндеттемелерінің құрылымы, негізінен, банктердің жиынтық міндеттемелерінің 78,9%-ын немесе 33 112 млрд теңгені құрайтын клиенттердің салымдарынан тұрады.

01.11.2023 ж. жағдай бойынша банк секторының капитал қоры жеткілікті (1.3-сурет). Негізгі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (к1) – 19,3%, меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (к2) – 19,3%, бұл жүйе бойынша орташа алғанда заңнамада белгіленген нормативтерден айтарлықтай асып түседі және банктерге әлеуетті тәуекелдерді өтеуге мүмкіндік береді.


2023 жылғы қаңтар-қазанда банктердің таза пайдасы 1 777 млрд теңге болды, бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 53,8%-ға артық.

Банк активтерінің рентабельділігі (ROA) 01.11.2023 ж. 4,6% (01.11.2022ж. – 3,6%), капиталдың рентабельділігі (ROE) – 36,2% (01.10.2022ж. – 29,8%) құрады (1.4-сурет).

1.3-сурет. Банкердің міндеттемелері, капиталы



1.4-сурет. Банкер кірістілігінің көрсеткіштері




Екінші деңгейдегі банкер берген кредиттер


Екінші деңгейдегі банкердің экономикаға берген кредиттері 2023 жылғы қазанда, негізінен, жеке тұлғаларға берілген кредиттердің ұлғаюы есебінен 1,5%-ға 26 291 млрд теңгеге дейін өсті (2023 жылдың басынан бастап 15,3%-ға өсу). Экономикаға берілген кредиттердің құрылымында корпоративтік қарыздардың үлесі 34,1%-ды, ипотекалық қарыздар – 20,0%-ды, жеке тұлғаларға берілген тұтынушылық және өзге де қарыздар - 45,9%-ды құрайды (1.5 және 1.6-суреттер).

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ты есептегенде, ағымдағы жылғы қазанда банк секторының экономикаға берген кредиттері 28 084 млрд теңгеге дейін 1,4%-ға өсті (2023 жылдың басынан бері 13,4%-ға өсу).

1.5-сурет. Экономикаға берілген кредиттер




1.6-сурет. Экономикаға берілген кредиттердің құрылымы



2023 жылғы қазанда ұлттық валютада берілген кредиттер 24 530 млрд теңгеге дейін 1,7%-ға ұлғайды (1.7-сурет), шетел валютасында берілген кредиттер 1 761 млрд теңгеге дейін, оның ішінде теңгенің АҚШ долларына қатысты 1,0%-ға нығаюы нәтижесінде валюталық қайта бағалауға байланысты 0,1%-ға біраз төмендеді. 01.11.2023 ж. теңгемен берілген кредиттердің үлес салмағы 93,3%-ды құрады.

1.7-сурет. Валюталар бойынша экономикаға берілген кредиттер



Ұзақ мерзімді кредиттердің көлемі 2023 жылғы қазанда 23 322 млрд теңгеге дейін 1,7%-ға, қысқа мерзімді кредиттердің көлемі 2 969 млрд теңгеге дейін 0,3%-ға өсті.

2023 жылғы қазанда 2 668 млрд теңгеге жаңа кредиттер берілді, бұл өткен аймен салыстырғанда 3,8%-ға көп. Бұл жаңа бөлшек қарыздарды, сондай-ақ ШОБ субъектілеріне қарыздар берудің ұлғаюына байланысты.


Заңды тұлғаларға берілген кредиттер

2023 жылғы қазанда екінші деңгейдегі банктердің заңды тұлғаларға берген кредиттері 0,9%-ға 8 955 млрд теңгеге дейін (2023 жылдың басынан бастап 3,5%-ға өсу), оның ішінде ұлттық валютада – 1,2%-ға 7 199 млрд теңгеге дейін, шетел валютасында – 0,2%-ға 1 756 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

2023 жылғы қазанда бизнес субъектілеріне берілген жиынтық кредиттер¹ 1,3%-ға 10 403 млрд теңгеге дейін өсті (2023 жылдың басынан бастап 7,9%-ға өсу). Бұл ретте бизнеске берілген кредиттердің өсуіне негізгі үлес ШОБ субъектілеріне берілген кредиттермен қамтамасыз етілді.

ШОБ субъектілеріне берілген қарыздар 1,4%-ға 6 828 млрд теңгеге дейін өсті (2023 жылдың басынан бастап 13,3%-ға өсу), ірі бизнеске қарыздар – 1,0%-ға 3 575 млрд теңгеге дейін өсті (2023 жылдың басынан бастап 1,0%-ға төмендеу). Ағымдағы жылдың басынан бастап ірі бизнеске берілген кредиттердің төмендеуі және корпоративтік кредиттеудің өсу қарқынының баяулауы тұтастай алғанда, қарыз қаражаттарының, әсіресе, ұзақ мерзімді қарыз қаражаттары құнының жоғары болуына, сондай-ақ 2023 жылғы маусым айынан қазан айына дейін мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялауды тоқтатумен байланысты.

1.8-сурет. ШОБ және ІБ қарыздары



¹ «Ақша-кредит және банк статистикасы» бөлімінің деректері бойынша, «Кредит нарығы» кіші бөлімі (<https://nationalbank.kz/ru/news/loans-to-economy-from-second-tier-banks/rubrics/1840>). Бизнес субъектілеріне кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін кредит алған заңды тұлғалар, сондай-ақ дара кәсіпкерлер жатады

2023 жылғы қазанда бизнес субъектілеріне 1 368 млрд теңге сомаға жаңа қарыздар берілді. Ағымдағы жылғы 10 айда барлығы бизнес субъектілеріне 12 025 млрд теңге қарыз берілді, бұл 2022 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 19,7%-ға көп.


2023 жылғы қазанда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша сыйақының орташа алынған мөлшерлемесі 19,2%-ды (2023 жылғы қыркүйекте – 19,2%) құрады (1.10-сурет).

Жеке тұлғаларға берілген кредиттер


Жеке тұлғаларға берілген кредиттер 2023 жылғы қазанда 1,9%-ға 17 336 млрд теңгеге дейін өсті (2023 жылдың басынан бері 22,4%-ға өсу). Ипотекалық қарыздар 1,3%-ға 5 267 млрд теңгеге дейін өсті. Тұтынушылық кредиттер 2,3%-ға 9 652 млрд теңгеге дейін ұлғайды (1.9-сурет).

Дара кәсіпкерлерді есепке алмағанда, халыққа берілетін кредиттер 2023 жылғы қазанда 1,7%-ға 15 888 млрд теңгеге дейін өсті.

1.9-сурет. Жеке тұлғаларға кредит беру



1.10-сурет. Теңгеммен берілген кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлемелер



2023 жылғы қазанда жеке тұлғаларға 1 485 млрд теңгеге жаңа кредиттер берілді, бұл өткен аймен салыстырғанда 4,7%-ға көп. Тұтынушылық мақсаттарға 1 086 млрд теңге берілді, бұл өткен аймен салыстырғанда 8,2%-ға көп, ипотекалық қарыздар – 146 млрд теңге, бұл өткен аймен салыстырғанда 4,2%-ға аз.

2023 жылғы қазанда жеке тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 20,0%-ды (2023 жылғы қыркүйекте – 20,0%) құрады (1.10-сурет).


Кредиттік портфельдің сапасы, провизиялар²

01.11.2023ж. жағдай бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттердің кредиттік портфельдің жалпы көлеміндегі үлесі 3,3%-ды немесе 922 млрд теңгені құрады (2023 жылдың басынан бері – 3,4% немесе 815 млрд теңге). Жеке тұлғалар портфелінде 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың деңгейі 3,7%-ды немесе 591 млрд теңгені (01.01.2023ж. – 3,7% немесе 493 млрд теңге), ШОБ-ты есептегенде заңды тұлғалар портфелінде – 2,9%-ды немесе 331 млрд теңгені (01.01.2023ж. – 3,0% немесе 321 млрд теңге) құрады (1.11-сурет).

90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттерді провизиялармен өтеу деңгейі 73,1% болды (01.01.2023ж. – 76,9%).


² ЕДБ-нің реттеушілік есептілігіне сәйкес

1.11-сурет. Жұмыс істемейтін қарыздар




1.2. Депозит нарығы³

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттері 2023 жылғы қазанда 32 035 млрд теңгеге дейін 2,0%-ға ұлғайды (2023 жылдың басынан бері 3,6%-ға өсу). Заңды тұлғалардың депозиттері 2023 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 14 860 млрд теңгеге дейін 3,0%-ға, жеке тұлғалардың депозиттері 17 175 млрд теңгеге дейін 1,1%-ға ұлғайды (1.12-сурет).



1.13-сурет. Теңгемен депозиттер бойынша мөлшерлемелер



Ұлттық валютадағы депозиттер 2023 жылғы қазанда 24 191 млрд теңгеге дейін 2,6%-ға ұлғайды, шетел валютасындағы депозиттер 7 844 млрд теңгеге дейін 0,1%-ға азайды. Нәтижесінде депозиттердің долларлану деңгейі бір ай бұрынғы 25,0%-дан азайып, 01.11.2023ж. 24,5%-ды құрады (2023 жылдың басында – 31,6%).

Заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы депозиттері 2023 жылғы қазанда 10 929 млрд теңгеге дейін 3,5%-ға, шетел валютасындағы депозиттер 3 931 млрд теңгеге дейін 1,5%-ға өсті, бұл заңды тұлғалар депозиттерінің 26,5%-ын құрайды.

Жеке тұлғалардың теңгемен депозиттері 13 262 млрд теңгеге дейін 1,9%-ға ұлғайды, шетел валютасындағы депозиттері жеке тұлғалар депозиттерінің 22,8%-ын құрап, 3 913 млрд теңгеге дейін 1,7%-ға азайды.

Мерзімді депозиттердің көлемі 2023 жылғы қазанда 2,4%-ға ұлғайып, 23 512 млрд теңгені құрады. Олардың құрылымында ұлттық валютадағы салымдар 18 302 млрд теңгені, шетел валютасындағы салымдар 5 210 млрд теңгені құрады.

Банктік емес заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы мерзімді депозиттері бойынша сыйақының орташа алынған мөлшерлемесі 2023 жылғы қазанда 14,2%-ды (2023 жылғы қыркүйекте – 14,6%), жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 14,0%-ды (2023 жылғы қыркүйекте - 14,0 %) құрады (1.13-сурет).

³ Ұлттық Банк сайтының «Монетарлық статистика» бөлімінде берілген «Депозиттік ұйымдардағы депозиттер» кестесінің негізінде (<https://nationalbank.kz/ru/depositoryorganizationsdeposits/depozity-v-depozitnyh-organizaciyah->)

1.3. Қолданылған ықпал ету шаралары және әкімшілік жазалар

2023 жылғы қазанда анықталған бұзушылықтардың қорытындылары бойынша екінші деңгейдегі банктерге және банк холдингіне қатысты:

– комплаенс тәуекелін басқаруды күшейту бойынша, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңының банктің басшы қызметкерлерінің құрамындағы өзгерістер туралы хабарлама ұсыну мерзімдері бөлігінде және есептілікті ұсыну бөлігінде талаптарды сақтау бойынша 5 ұсынымдық қадағалап ден қою шарасы;

– бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иеленуші еншілес ұйымның (САБҰ) қызметіндегі кемшіліктер үшін, банктің төлем қызметтерін көрсету бөлігіндегі кемшіліктер үшін 2 жазбаша ұйғарым;

– Қазақстан Республикасы банк заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін 4 242 мың теңге сомасында әкімшілік жаза қолданылды.

1.4. Рұқсат беру қызметі

2023 жылғы қазанда екінші деңгейдегі банктердің 7 басшы қызметкері келісілді және 1 басшы қызметкерін келісуден бас тартылды.

2. Сақтандыру секторы

01.11.2023 ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру секторында 25 сақтандыру ұйымы бар, оның ішінде 9-ы өмірді сақтандыру ұйымы (2.1-кесте).


2.1-кесте. Сақтандыру секторының құрылымы

	01.01.2021	01.01.2022	01.01.2023	01.10.2023	01.11.2023
Барлық сақтандыру ұйымдары	28	27	26	25	25
- жалпы сақтандыру бойынша	19	18	17	16	16
- өмірді сақтандыру бойынша	9	9	9	9	9
Сақтандыру брокерлері	12	10	9	10	10
Актуарийлер	58	60	58	58	58


2.1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық көрсеткіштері

2023 жылғы қазанда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының активтері 2 447 млрд теңгеге дейін 0,4%-ға ұлғайды (2023 жылдың басынан бері 18,4%-ға өсу) (2.1-сурет). Активтердің ұлғаюы негізінен сақтандыру қызметі бойынша кірістердің өсуі нәтижесінде болды.

2.1-сурет. Сақтандыру ұйымдарының активтері



2.2-сурет. Сақтандыру ұйымдары активтерінің құрылымы



Активтер құрылымында ең көп үлесті бағалы қағаздар – жиынтық активтердің (1 767 млрд теңге) 72,2%-ын құрайды, олар 2023 жылғы қазанда 0,2%-ға немесе 3,2 млрд теңгеге ұлғайды (2023 жылдың басынан бері 15,4%-ға өсу) (2.2-сурет).

Екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған ақша қаражаты мен салымдар 2023 жылғы қазанда 110 млрд теңгеге дейін 8,6%-ға (-10,3 млрд теңге) азайды (2023 жылдың басынан бері 1,8%-ға өсу).

Қайта сақтандыру активтері 79 млрд теңгеге дейін 4,8%-ға (-4,0 млрд теңге) азайды (2023 жылдың басынан бері 19,9%-ға өсу).


Сақтандыру дебиторлық берешегі 86 млрд теңгеге дейін 10,1%-ға (-9,7 млрд теңге) азайды (2023 жылдың басынан бері 17,7%-ға өсу).

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелері 2023 жылғы қазанда 1 538 млрд теңгеге дейін 0,5%-ға (+7,8 млрд теңге) ұлғайды (2023 жылдың басынан бері 19,1%-ға өсу). Міндеттемелердің ұлғаюы сақтандыру резервтерінің өсуіне байланысты


болды.

Міндеттемелер құрылымында ең үлкен үлесті – жиынтық міндеттемелердің (1 272 млрд теңге) 82,7%-ын сақтандыру резервтері⁴ құрайды. 2023 жылғы қазанда сақтандыру резервтері 0,1%-ға немесе 1,8 млрд теңгеге ұлғайды (2023 жылдың басынан бері 15,7%-ға өсу) (2.3-сурет).

2.3-сурет. Сақтандыру ұйымдарының резервтері және капиталы



2.4-сурет. Сақтандыру секторының кірістілігі



Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының меншікті капиталы 2023 жылғы қазанда негізінен сақтандыру қызметінен алынған пайда есебінен 909 млрд теңгеге дейін 0,3%-ға (2,6 млрд теңге) ұлғайды (2023 жылдың басынан бері 17,2%-ға өсті) (2.3-сурет).

Сақтандыру секторының, негізінен сақтандыру және инвестициялық қызметтен түскен кірістер есебінен алынған таза пайдасы 2023 жылғы қазанда 7,6 млрд теңгені құрады, төмендеу шетел валтасының құныны қайта бағалау нәтижесінде орын алды (2023 жылдың басынан бері пайда 196,3 млрд теңге) (2.4-сурет).

2.2. Сақтандыру сыйлықақылары, төлемдер

2023 жылғы қазанда сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі⁵ 69,7 млрд теңгені (2.5-сурет), 2023 жылдың басынан бері – 794,6 млрд теңгені құрады, бұл 2022 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 23,7%-ға көп (2.9-сурет). Тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2023 жылдың басынан бері 718,2 млрд теңгені құрады.

2023 жылы қазанда міндетті сақтандыру бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 13,8 млрд теңгені құрады, 2023 жылдың басынан бері 159,5 млрд теңге, бұл 2022 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 14,0%-ға көп (19,5 млрд теңге). Өсу негізінен қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру (25,7%-ға немесе 13,4 млрд теңгеге ұлғаю) бойынша сыйлықақылардың ұлғаюымен, Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы заң шеңберінде жүзеге асырылатын ерікті жеке аннуитеттік сақтандырумен сақтандырудың осы сыныбын біріктіруді ескере отырып және көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырумен байланысты болды (5,1%-ға немесе 3,9 млрд теңгеге ұлғаю).

Ерікті жеке сақтандыру бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2023 жылғы қазанда 32,2 млрд теңгені, 2023 жылдың басынан бері 277,0 млрд теңгені құрады, бұл 2022 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 18,3%-ға немесе


⁴ реттеушілік есептілікке сәйкес

⁵ резиденттерден келіп түскен қайта сақтандыру сыйлықақыларын және сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын бұзуға байланысты шығыстарды шегере отырып

42,8 млрд теңгеге көп. Өсім негізінен жазатайым оқиғалардан сақтандыру бойынша жиналған сыйлықақылардың 74,4%-ға немесе 20,6 млрд теңгеге ұлғаюына байланысты.

Ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2023 жылғы қазанда 23,7 млрд теңгені, 2023 жылдың басынан бері 358,1 млрд теңгені құрады, бұл 2022 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 33,5%-ға немесе 89,9 млрд теңгеге көп. Өсу негізінен автомобиль көлігін сақтандыру бойынша жиналған сыйлықақылардың 106,3%-ға немесе 40,3 млрд теңгеге және мүлікті сақтандыру бойынша 16,5%-ға немесе 22,7 млрд теңгеге ұлғаюына байланысты болды.

2.5-сурет. Сақтандыру сыйлықақыларының серпіні




2.6-сурет. Жасалған шарттар саны




2023 жылдың басынан бері жеке және заңды тұлғалар бойынша жасалған сақтандыру шарттарының саны 13 908 317 шартты құрады, бұл 2022 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 34,4%-ға артық. Өсу негізінен жазатайым оқиғалардан сақтандыру бойынша жасалған шарттар санының 1 626 137 шартқа немесе 135,8%-ға және көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша жасалған шарттар санының 769 828 шартқа немесе 15,2%-ға ұлғаюына байланысты болды.

2023 жылғы қазанда сақтандыру төлемдерінің көлемі⁶ 24,7 млрд теңгені (2.7-сурет) құрады, 2023 жылдың басынан бері – 214,8 млрд теңге, бұл 2022 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 43,8%-ға көп, 2023 жылдың басынан бері барлығы 902 595 төлем жасалды (2.8 және 2.9-суреттер).

2.7-сурет. Сақтандыру төлемдерінің серпіні



2.8-сурет. Сақтандыру төлемдерінің саны



2023 жылғы қазанда міндетті сақтандыру бойынша 6,7 млрд теңге сомаға сақтандыру төлемдері жүзеге асырылды, 2023 жылдың басынан бері – 64,0 млрд теңге, бұл 2022 жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 37,4%-ға немесе 17,4 млрд


⁶ резиденттерден кіріс қайта сақтандыру бойынша төлемдерді шегергенде

теңгеге көп, негізінен көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру есебінен ұлғайды.


Ерікті жеке сақтандыру бойынша 2023 жылғы қазанда 9,3 млрд теңге сомаға сақтандыру төлемдері жүзеге асырылды, 2023 жылдың басынан бері – 64,8 млрд теңге, бұл 2022 жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 39,1%-ға немесе 18,2 млрд теңгеге көп, негізінен жазатайым оқиғалардан сақтандыру және өмірді сақтандыру есебінен ұлғайды.

Ерікті мүлктік сақтандыру бойынша 2023 жылғы қазанда сақтандыру төлемдері 8,7 млрд теңге сомаға жүзеге асырылды, 2023 жылдың басынан бері – 86,0 млрд теңге, бұл 2022 жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 52,9%-ға немесе 29,8 млрд теңгеге көп, ұлғаю мүлкті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдеріне байланысты болды.

2.9-сурет. Сақтандыру сыйлықақылары/төлемдері



2.10-сурет. Қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар және қайта сақтанушылардан өтемақы



2.3. Қайта сақтандыру статистикасы

2023 жылғы қазанда қайта сақтандыруға⁷ 7,4 млрд теңге сомаға сақтандыру сыйлықақылары берілді, бұл сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінен 10,7%-ды құрайды (2.10-сурет). 01.11.2023ж. жағдай бойынша сақтандыру сыйлықақыларының негізгі бөлігі Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қайта сақтандыруға берілді – 74,8% немесе 89,4 млрд теңге.

2023 жылғы қазанда қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары 4,8 млрд теңге сомаға сақтандыру сыйлықақыларын қабылдады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының бейрезиденттерінен қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 2023 жылдың басынан бері 76,7 млрд теңгені құрайды.

2023 жылғы қазанда қайта сақтандыруға берілген тәуекелдер бойынша шығыстарды өтеу 0,5 млрд теңгені немесе жиынтық сақтандыру төлемдерінен 2,2%-ды құрады.

2.4. Қолданылған қадағалап ден қою шаралары және санкциялар

2023 жылғы қазанда сақтандыру нарығының субъектілеріне қатысты ҚР міндетті сақтандыру түрлері туралы заңнамасын бұзғаны және дұрыс емес есептілік бергені үшін 2 әкімшілік жаза, 6 қадағалау іс-қимылының ұсынымдық шаралары және 2 жазбаша нұсқама қолданылды.

⁷ қайта сақтандыруға берілген шарттарды бұзуға байланысты кірістерді шегергенде

2.5. Рұқсат беру қызметі

2023 жылғы қазанда басшы қызметкерлерді сайлауға (тағайындауға) 5 келісім берілді, «Интертич» ДСМСҚК» АҚ-қа «Кәсіби жауапкершілікті сақтандыру» қосымша сақтандыру сыныбы бойынша лицензия беруден бас тарту жүзеге асырылды.

3. Бағалы қағаздар нарығы


3.1. Акциялар нарығы

2023 жылғы қазанда акциялар нарығын капиталдандыру 2,6%-ға (-706,3 млрд теңге) 26,3 трлн теңгеге дейін (2023 жылдың басынан бері – 24,1%-ға немесе 5,1 трлн теңгеге өсу), негізінен әлемдік энергия тасымалдаушыларының бағалары төмендеуі және дивидендтер төлеуінің нәтижесінде индекстік компаниялар акцияларының құны төмендеуі есебінен азайды. (3.1-сурет).


KASE индексі 2023 жылғы қазанда 1,7%-ға төмендеп (2023 жылдың басынан бері 24,1%-ға өсу) 01.11.2023ж. 4 035,1 тармақты құрады, капиталдандырудың барынша төмендеуі «Қазақтелеком» АҚ (-5,6%), «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ (-4,4%) және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-тың (-3,8%) акциялары бойынша болды.

Акциялар сауда-саттығының көлемі негізінен «Қазақтелеком» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларымен сауда-саттық көлемінің төмендеуі есебінен бір айда 55,4%-ға немесе 33,9 млрд теңгеге азайып, 2023 жылғы қазанда 27,2 млрд теңгені құрады (3.2-сурет).

3.1-сурет. Акциялар нарығын капиталдандыру



3.2-сурет. Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі



01.11.2023ж. жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 84 қазақстандық эмитенттің 99 акциясы болды, оның ішінде 2 эмитенттің 2 акция атауы «Листингтік емес бағалы қағаздар» секторында айналысқа жіберілген.


«KASE Global» секторында 01.11.2023ж. жағдай бойынша 45 акция атауы және шетелдік эмитенттердің 9 ETF болды. 2023 жылғы қазанда «KASE Global» секторында жасалған мәмілелердің жиынтық көлемі бір айда 12,5%-ға немесе 0,3 млрд теңгеге ұлғайып, 3,1 млрд теңгені құрады.

3.2. Облигациялар нарығы


KASE-де саудаланатын корпоративтік борыш көлемі 2023 жылғы қазанда 0,3%-ға немесе 38 млрд теңгеге ұлғайып, 13,8 трлн теңгені құрады (2023 жылдың басынан бері – 4,4 %-ға төмендеу) (3.3-сурет).

Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығының көлемі 01.11.2023 ж. 20,3 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылғы қыркүйектегі көрсеткіштен 95,4%-ға немесе 420,8 млрд теңгеге төмен. 2023 жылғы қазанда 6 эмитенттің 6 корпоративтік облигациялар шығарылымы орналастырылды, купондық сыйақы мөлшері жылдық 14,75%-дан 25,0%-ға дейін ауытқыды.

3.3-сурет. Айналыстағы облигациялар



3.4-сурет. Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттық көлемі



01.11.2023ж. жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 95 эмитенттің 383 корпоративтік облигацияларының шығарылымы болды (01.01.2023ж. – 83 эмитенттің 346 корпоративтік облигацияларының шығарылым).

KASE-де корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі 2023 жылғы қазанда өткен аймен салыстырғанда 83,1%-ға немесе 434,2 млрд теңгеге 88,4 млрд теңгеге дейін азайды (3.4-сурет).

2023 жылғы қазанда корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында инвесторлардың негізгі санаттары бойынша банктердің үлесі 21,6%-ды (2023 жылғы қыркүйекте – 23,0%), брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 4,4% (2,7%), басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 7,5% (7,6%), өзге заңды тұлғалардың үлесі – 52,2% (61,7%), жеке тұлғалардың үлесі – 14,3% (5,0%) құрады.


3.3. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

KASE-де саудаланатын номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы 2023 жылғы қазанда 3,2%-ға немесе 821,2 млрд теңгеге 26,3 трлн теңгеге дейін ұлғайды (2023 жылдың басынан бері 22,2%-ға өсу) (3.5-сурет).


KASE-де мемлекеттік бағалы қағаздармен сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2023 жылғы қазанда 3,5%-ға немесе 16,4 млрд теңгеге 456,8 млрд теңгеге дейін азайды (3.6-сурет).

2023 жылғы қазанда МБҚ бастапқы нарығында сауда-саттық көлемі 6,3%-ға немесе 10,9 млрд теңгеге 183,6 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Оның 168,4 млрд теңгесін орташа алынған 12,04 - 14,00% жылдық кірістілікпен Қаржы министрлігі және 15,2 млрд теңгесін Ұлытау, Абай, Жетісу және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдіктері тартты (мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру мақсатында).

3.5-сурет. Номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы



3.6-сурет. Мемлекеттік бағалы қағаздар сауда-саттық көлемі



2023 жылғы қазанда МБҚ қайталама нарығында инвесторлардың негізгі санаттары бойынша банктердің үлесіне 37,9% (2023 жылғы қыркүйекте – 34,5%), брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 9,2% (5,7%), басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 13,1% (8,4%), өзге заңды тұлғалардың үлесіне – 38,2% (51,1%), жеке тұлғалардың үлесіне – 1,7% (0,4%) тиесілі болды.

3.4. Ұжымдық инвестициялар нарығы

01.11.2023ж. жағдай бойынша бағалы қағаздар нарығында 50, оның ішінде 25 аралық, 24 жабық және 1 ашық инвестициялық пай қоры болды (3.1-кесте).

3.1-кесте. Ұжымдық инвестициялар нарығының құрылымы


	01.01.21	01.01.22	01.01.23	01.10.23	01.11.23
Инвестициялық қорлар	55	60	64	66	67
Пай қорлары, о.і.	35	42	47	49	50
Аралық ИПҚ, АИПҚ	21	23	25	26	26
ЖИПҚ	14	19	22	23	24
Акционерлік, о.і.	20	18	17	17	17
ТИАИҚ	8	7	6	5	5

Ұжымдық инвестициялар нарығында басқарудағы активтердің жиынтық көлемі 2023 жылғы қазанда ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар портфелінің 0,9%-ға (1,7 млрд теңгеге), шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздар портфелінің 7,7%-ға (2,8 млрд теңге) азаю, сондай-ақ басқарушы компанияның ТИАИҚ-ның біреуімен бұл қор ЖШС болып қайта құрылуына байланысты шартты бұзуы нәтижесінде 2,9%-ға (8,8 млрд теңгеге) 291,0 млрд теңгеге дейін азайды. Жиынтық портфельдегі инвестициялық қорлар пайларының үлесі 16,3%-ға немесе 2,3 млрд теңгеге азайды. Инвестициялық пай қорларының жиынтық активтер құрылымындағы ақша қаражаты алдыңғы аймен салыстырғанда 26,8%-ға немесе 1,7 млрд теңгеге азайып, 4,8 млрд теңгені құрады.


01.11.2023ж. инвестициялық пай қорларының негізгі активі бағалы қағаздар портфелі болып табылады, ол 253,1 млрд теңгені немесе жиынтық активтердің 87,0%-ын құрайды.

01.11.2023ж. жағдай бойынша инвестициялық пай қорларының портфеліндегі ҚР бейрезидент-эмитенттердің бағалы қағаздары 201,6 млрд теңгені немесе жиынтық активтердің 69,3%-ын, бейрезидент-эмитенттердің бағалы қағаздары – 39,1 млрд теңгені немесе жиынтық активтердің 13,4%-ын құрады. Сонымен бірге активтердің құрамында 11,6 млрд теңге немесе жиынтық активтердің 4,0%-ы мөлшерінде инвестициялық қорлардың пайлары бар (3.8-сурет).

3.7-сурет. Инвестициялық пай қорларының активтері



3.8-сурет. Инвестициялық пай қорлары активтерінің құрылымы



01.11.2023ж. жағдай бойынша пайларды ұстаушылардың саны 9 494 жеке тұлғаны және 88 заңды тұлғаны құрады. Алдыңғы аймен салыстырғанда пай ұстаушылардың саны 239 жеке тұлғаға ұлғайды және 2 заңды тұлғаға азайды.

3.5. Бағалы қағаздар нарығының институционалдық құрылымы

01.11.2023ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын 39 брокер және (немесе) дилер (16 банк және 23 банктік емес ұйым), 11 кастодиан-банк, 21 инвестициялық портфельді басқарушы, 3 трансфер-агент, сондай-ақ 3 инфрақұрылымдық ұйым: «Қазақстан қор биржасы» АҚ, «KASE» клиринг орталығы» АҚ және бірыңғай тіркеуші және сауда репозиторийі функцияларын орындайтын «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) ұсынды (3.2-кесте).

01.11.2023ж. жағдай бойынша бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиялардың саны 78 дананы құрады.

3.2-кесте. Бағалы қағаздар нарығының құрылымы

	01.01.21	01.01.22	01.01.23	01.10.23	01.11.23
Барлық брокер–дилерлер, оның ішінде:	38	38	38	39	39
банктер	18	16	15	16	16
оның ішінде I санаттағы	15	13	12	13	13
банктік емес ұйымдар	20	22	23	23	23
оның ішінде I санаттағы	20	22	23	23	23
Кастодиандар	9	9	10	10	11
Инвестициялық портфельді басқарушылар	19	19	20	21	21
Трансфер-агенттер	2	3	3	3	3
Бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушы	1	1	1	1	1
БҚН-да қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметі	1	1	1	2	2
Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі	1	1	1	1	1
Жиынтығы	71	72	74	77	78


Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі шоттардың саны қазанда 4,8%-ға ұлғайып, 2 303 мың шотты құрады, оның ішінде:

- депоненттер клиенттерінің қосалқы шоттарының саны 6,2 мыңға немесе 0,9%-ға 689 мың қосалқы шотқа ұлғайды (2023 жылдың басынан бері 139 мыңға немесе 25,2%-ға

өсу);

- брокерлер ашқан және біріктірілген омбинус-шоттар арқылы есепке алынатын жеке шоттардың саны 99 мыңға немесе 6,5%-ға 1 614 мыңға дейін ұлғайды (2023 жылдың басынан бері 1 201 мыңға немесе 3,9 есе өсу).

3.9-сурет. Номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі шоттардың саны



3.6. Брокерлер және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың қаржылық көрсеткіштері⁸


Брокерлер және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың жиынтық активтері 2023 жылғы қазанда 7,6%-ға немесе 56,7 млрд теңгеге негізінен бағалы қағаздар портфелінің (-9,4% немесе 46,3 млрд теңге) азаюы нәтижесінде 690,6 млрд теңгеге дейін азайды (3.10-сурет). Мемлекеттік бағалы қағаздардың портфелі 15,0%-ға немесе 25,2 млрд теңгеге және шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының портфелі 56,3%-ға немесе 23,8 млрд теңгеге азайды. 01.11.2023 жылғы жағдай бойынша брокерлер және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың активтері құрылымында негізгі үлесті 449,1 млрд теңге немесе жиынтық активтердің 65,0% мөлшеріндегі бағалы қағаздар портфелі алады (3.11-сурет). Брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары 205,8 млрд теңгені немесе 45,8%,-ды, ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары – 143,6 млрд теңгені немесе 32,0%-ды, халықаралық ұйымдардың бағалы қағаздары – 46,6 млрд теңгені немесе 10,4%-ды құрады.

01.11.2023ж. ақша қаражатының көлемі 7,1 млрд теңгеге немесе 18,5%-ға азайып, 31,4 млрд теңгені құрады.


Сондай-ақ, активтер құрылымында елеулі үлес салмағын басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар және реттелген борыш (179,8 млрд теңге немесе барлық активтің 26,0%-ы) алады.

⁸ ЕДБ қоспағанда, қаржылық көрсеткіштер бойынша ақпарат

3.10-сурет. Брокерлер және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың қаржылық көрсеткіштері



3.11-сурет. Брокерлер және (немесе) дилерлер және инвестициялық портфельді басқарушылар активтерінің құрылымы



01.11.2023 жылғы жағдай бойынша міндеттемелердің жиынтық көлемі өткен аймен салыстырғанда контрагенттер алдындағы міндеттемелердің азаю аясында және жекелеген ұйымдардан репо операциялары бойынша 46,0 млрд теңгеге немесе 16,2%-ға азайып, 238,7 млрд теңгені құрады (3.10-сурет).

Брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың меншікті капиталы 01.11.2023 жылғы жағдай бойынша бір айда 10,7 млрд теңгеге немесе 2,3%-ға азайып, 451,9 млрд теңгені құрады. Капиталдың азаюына бөлінбеген пайда мен резервтердің азаюы себеп болды.

Бөлінбеген пайда 31,4 млрд теңгені құрады. 2023 жылғы қазанда бөлінбеген пайда деңгейінің төмендеуі 1,7 млрд теңгені немесе 5,3% -ды құрады.

3.7. Қолданылған ықпал ету шаралары және санкциялар

2023 жылғы қазанда ҚР заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін, сондай-ақ олардың қызметінде анықталған кемшіліктер мен тәуекелдер үшін бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар мен субъектілеріне қатысты жазбаша ұйғарым түріндегі 4 қадағалап ден қою шарасы мен 3 ұсынымдық қадағалап ден қою шарасы қолданылды.

Қашықтан қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар (тәуекелдерді басқару және дұрыс емес ақпарат беру бөлігінде) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларға қатысты қадағалап ден қою шараларын қолдануға әкеп соқтырған негізгі бұзушылықтар болды.

Бағалы қағаздар эмитенттеріне қатысты 2023 жылғы қазанда жазбаша ұйғарымдар түрінде 8 шектеулі ықпал ету шарасы қолданылды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы 1 хаттама жасалды және 2 әкімшілік жаза қолданылды.

Бағалы қағаздар эмитенттеріне қатысты шектеулі ықпал ету шаралары мен санкцияларды қолдануға әкеп соқтырған негізгі бұзушылықтар өзінің қызметі туралы ақпаратты жария етуді реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамау болды.

3.8. Рұқсат беру қызметі

2023 жылғы қазанда Агенттік бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының 1 басшы қызметкерін келісті, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған 1 лицензия және инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін алуға 2 келісім берілді.

4. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (банктік емес сектор)

4.1. Ипотекалық ұйымдардың және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың ағымдағы жағдайы

01.10.2023ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банктік емес секторын 2 ипотекалық ұйым және 3 банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым (бұдан әрі – БОЖТЖҰ) ұсынады.


4.1-кесте. Банктік емес сектордың құрылымы

	01.07.2023	01.10.2023
Ипотекалық ұйымдар саны	2	2
Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар саны	3	3


4.2. Ипотекалық ұйымдардың қаржылық көрсеткіштері

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтері 2023 жылғы 3-тоқсанда 1,7%-ға немесе 26,1 млрд теңгеге 1 474 млрд теңгеге дейін азайды (2023 жылдың басынан 1,6%-ға өсті) (4.1-сурет).

4.1-сурет. Ипотекалық ұйымдардың активтері және несие портфелі



4.2-сурет. Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері, капиталы



Ипотекалық ұйымдардың несие портфелі 2023 жылғы 3-тоқсанда «Кері РЕПО» операцияларының жабылуы нәтижесінде 9,0%-ға немесе 49,3млрд теңгеге 496 млрд теңгеге дейін азайды (2023 жылдың басынан 3,6%-ға төмендеді) (4.2-кесте).

4.2-кесте. Ипотекалық ұйымдардың несие портфелінің құрылымы

Көрсеткіштің атауы	01.07.2023		01.10.2023		Өсім, %
	млрд теңге	Жиынтығында %	млрд теңге	Жиынтығында %	
Несие портфелі (негізгі борыш) оның ішінде:	545	100%	496	100,0%	-9,0%
Клиенттерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	156	28,5%	154	31,1%	-1,3%
Клиенттерге қаржылық лизинг	144	26,4%	142	28,7%	-1,4%
Клиенттердің қарыздар бойынша мерзімі өткен берешегі	0,1	0,0%	0,2	0,0%	100,0%
Бағалы қағаздармен Кері РЕПО операциялары	226	41,4%	179	36,1%	-20,8%

Көрсеткіштің атауы	01.07.2023		01.10.2023		Өсім, %
	млрд теңге	Жиынтығында %	млрд теңге	Жиынтығында %	
Анықтама үшін: ХҚЕС бойынша провизиялар	2	0,4%	2	0,4%	0,0%

Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері 2023 жылғы 3-тоқсанда 2,4%-ға (30,6 млрд теңге) 1 245 млрд теңгеге дейін азайды (2023 жылдың басынан 3,2%-ға өсті) (4.2-сурет). Ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымында тартылған қарыздар (30,0%) және айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (62,4%) басым.


Ипотекалық ұйымдардың меншікті баланстық капиталы 2023 жылғы 3-тоқсанда 2,2%-ға немесе 4,9 млрд теңгеге 230 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2023 жылдың басынан 6,0%-ға төмендеді). 2023 жылғы 3-тоқсанның қорытындысы бойынша ипотекалық ұйымдардың таза пайдасы 25 млрд теңгені құрады, бұл қайта бағалаудан кірістердің және өзге де кірістердің төмендеуі нәтижесінде 2022 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 9%-ға аз.

01.10.2023ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар меншікті капиталдың жеткіліктілігі бойынша пруденциялық нормативтер бойынша барлық талаптарды сақтайды.


4.3. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қаржылық көрсеткіштері⁹

БОЖТЖҰ-ның жиынтық активтері 2023 жылғы 3-тоқсанның қорытындысы бойынша 1,7% -ға немесе 32,5 млрд теңгеге 1 962 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2023 жылдың басынан 6,1%-ға өсті) (4.3-сурет).

4.3-сурет. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың активтері мен несие портфелі



4.4-сурет. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың міндеттемелері, капиталы



БОЖТЖҰ-ның несие портфелі 2023 жылғы 3-тоқсанда 3,0%-ға немесе 46,8 млрд теңгеге 1 619 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2023 жылдың басынан 14,4%-ға өсті) (4.3-кесте).

4.3-кесте. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың несие портфелінің құрылымы

Көрсеткіштің атауы	01.07.2023		01.10.2023		Өсім, %
	млрд теңге	Жиынтығында %	млрд теңге	Жиынтығында %	
Несие портфелі (негізгі борыш) оның ішінде:	1 572	100%	1 619	100%	3,0%

⁹ Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің және Ұлттық почта операторының еншілес ұйымдары

Көрсеткіштің атауы	01.07.2023		01.10.2023		Өсім, %
	млрд теңге	Жиынтығында %	млрд теңге	Жиынтығында %	
Клиенттерге қарыздар, оның ішінде:	1 435	91,3%	1 475	91,1%	21,6%
<i>Қаржылық лизинг арқылы берілген қарыздар</i>	433	27,6%	469	29,0%	8,3%
Банкаралық қарыздар	61	3,9%	61	3,8%	0,0%
Кері РЕПО операциялары	76	4,8%	82	5,1%	7,9%
<i>Мерзімі өткен берешегі бар қарыздар</i>	220	14,0%	227	14,0%	3,2%
<i>Анықтама үшін: ХҚЕС бойынша провизиялар</i>	209	13,3%	214	13,2%	2,4%

БОЖТЖҰ-ның міндеттемелері негізінен тартылған салымдар мен өзге де міндеттемелердің қысқаруы есебінен 2023 жылғы 3-тоқсанның қорытындысы бойынша 3,0%-ға немесе 39,2 млрд теңгеге 1 270 млрд теңгеге дейін азайды (2023 жылдың басынан 4,2%-ға өсті) (4.4-сурет). БОЖТЖҰ міндеттемелерінің құрылымында алынған қарыздар (43,9%) және айналымға шығарылған бағалы қағаздар (31,4%) түріндегі міндеттемелер басым.

БОЖТЖҰ-ның меншікті баланстық капиталы 2023 жылғы 3-тоқсанда 11,6%-ға (71,7 млрд теңге) 692 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2023 жылдың басынан 9,8%-ға өсті). 2023 жылғы үшінші тоқсанның қорытындысы бойынша БОЖТЖҰ-ның таза пайдасы 77 млрд теңгені құрады (2022 жылғы үшінші тоқсанның қорытындысы бойынша – пайда 33 млрд теңге).

01.10.2023ж. жағдай бойынша БОЖТЖҰ меншікті капиталдың жеткіліктілігі бойынша пруденциялық нормативтер бойынша барлық талаптарды сақтайды.

4.4. Қолданылған ықпал ету шаралары және санкциялар

2023 жылғы қыркүйекте дұрыс емес есептілік бергені үшін БОЖТЖҰ-ға қатысты 1 ұсынымдық қадағалап ден қою шарасы қолданылды.


5. Микроқаржылық қызмет

5.1. МҚҚЖҰ-ның қаржылық көрсеткіштері

Активтер, міндеттемелер, капитал¹⁰

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – МҚҚЖҰ) активтері 2023 жылғы 3-тоқсанда 5,4%-ға 2 560 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2023 жылдың басынан 21,4%-ға өсті) (5.1-сурет). МҚҚЖҰ құрылымында активтердің басым бөлігі микроқаржы ұйымдарына – 1 361 млрд теңге немесе 53,2%, кредиттік серіктестіктерге – 896 млрд теңге немесе 35,0%, ломбардтарға – 303 млрд теңге немесе 11,8% тиесілі.

01.10.2023ж. микроқаржы секторының жиынтық активтерінде ең үлкен үлес салмақты берілген микрокредиттер алады (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде) – 83,6% немесе 2 140 млрд теңге. Құнсыздануға арналған резервтерді шегергендегі микроқаржы ұйымдары берген микрокредиттер активтердің 80,3%-ын, кредиттік серіктестіктерде – 94,3%-ды, ломбардтарда – 66,6%-ды құрады.



МҚҚЖҰ-ның жиынтық міндеттемелері 2023 жылғы 3-тоқсанда 4,2%-ға немесе 1 720 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2023 жылдың басынан 15,6%-ға өсті) (5.2-сурет).


Жиынтық міндеттемелердің негізгі үлесін алынған қарыздар - 79,3%-ды немесе 1 364 млрд теңгені құрайды. МҚҰ-ның 01.10.2023 жылдағы жиынтық міндеттемелері МҚҚЖҰ-ның жиынтық міндеттемелерінен 957 млрд теңгені немесе 55,6%-ды, кредиттік серіктестіктердің және ломбардтардың жиынтық міндеттемелерінен - 634 млрд теңгені немесе 36,9%-ды және тиісінше 129 млрд теңгені немесе 7,5%-ды құрады.

01.10.2023ж. жағдай бойынша микроқаржы секторының жиынтық меншікті капиталы 839 млрд теңгені құрады және негізінен жарғылық капиталдан және бөлінбеген пайдадан қалыптастырылды. 2023 жылғы 3-тоқсанда МҚҚЖҰ-ның меншікті капиталы 8,0%-ға өсті (2023 жылдың басынан 35,5%-ға өсті) (5.3-сурет).


МҚҚЖҰ-ның жиынтық меншікті капиталында ең көп үлесті МҚҰ-ның 404 млрд теңге немесе 48,1% мөлшерінде жиынтық меншікті капиталы алады. Кредиттік серіктестіктердің және ломбардтардың жиынтық меншікті капиталы 262 млрд теңгені немесе 31,2%-ды және тиісінше 174 млрд теңгені немесе 20,7%-ды құрайды.

¹⁰ 01.10.2023ж. – алдын ала мәліметтер

5.2-сурет. МҚҚЖҰ міндеттемелерінің серпіні





5.3-сурет. МҚҚЖҰ меншікті капиталының серпіні



5.2. МҚҚЖҰ қарыздарының портфелі

МҚҚЖҰ-ның жиынтық несие портфелі 2023 жылғы 3-тоқсанда 5,6%-ға 2 407 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2023 жылдың басынан 15,8%-ға өсу) (5.4-сурет).

5.4-сурет. МҚҚЖҰ несие портфелінің сапасы

5.5-сурет. Субъектілер тұрғысынан берілген микрокредиттер¹¹

Жеке тұлғаларға МҚҚЖҰ берген қарыздар 2023 жылғы 3-тоқсанда 9,5%-ға 1 271 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2023 жылдың басынан 13,7%-ға өсу). Дара кәсіпкерлерге берілген қарыздар 0,3%-ға 331 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2023 жылдың басынан 44,2%-ға өсу).

Заңды тұлғаларға берілген қарыздар 2023 жылғы 3-тоқсанда 2,3%-ға 804 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2023 жылдың басынан 10,1%-ға өсу). Заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер портфелінің өсуі негізінен кредиттік серіктестіктердің портфелінің өсуімен байланысты (5.5-сурет).

МҚҚЖҰ-ның портфеліндегі мерзімі 90 күннен асқан берешегі бар қарыздардың деңгейі 01.10.2023 жылғы жағдай бойынша 3,8%-ды құрады (01.01.2023 жылғы жағдай бойынша – 3,7%). Жеке тұлғалардың портфелінде аталған көрсеткіш 5,4%-ды құрады (01.01.2023 жылғы жағдай бойынша – 5,5%).

5.3. Қолданылған ықпал ету шаралары және санкциялар

2023 жылғы 3-тоқсанда МҚҚЖҰ-ға қатысты анықталған бұзушылықтардың қорытындылары бойынша 1 млн теңге сомаға әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 39 хаттама және ескертуге әкеп соқтыратын 3 хаттама түрінде әкімшілік жаза қолданылды, сондай-ақ жазбаша ұйғарым түрінде 24 шектеулі ықпал ету шарасы қолданылды.

¹¹ 2021 жылы дара кәсіпкерлердің көрсеткіштері жеке тұлғаларға берілген микрокредиттерге енгізілген


Мәліметтерді мемлекеттік кредиттік бюроға бермеу, дәйексіз есептілікті ұсыну, пруденциялық нормативтерді сақтамау, дәйексіз реттеушілік қаржылық есептілікті ұсыну МҚҚЖҰ-ға қатысты ықпал ету шараларын қолдануға әкеп соқтырған негізгі бұзушылықтар болып табылады.

6. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау


6.1. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың өтініштерін талдау

2023 жылғы қазанда Агенттіктің қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелеріндегі қызметі негізінен қарыз алушылардың тұтынушылық қарыздар бойынша берешекті қайта құрылымдауға жәрдемдесу және олардың борыш жүктемесін азайту үшін шаралар қабылдау туралы өтініштерін қарастырумен байланысты болды.

6.1-сурет. Қаржылық қызметтерді тұтынушылар өтініштерінің саны



6.2-сурет. Қаржылық қызметтерді тұтынушылар өтініштерінің құрылымы



2023 жылғы қазанда қаржы ұйымдарының және коллекторлық агенттіктердің қызметіне қатысты жеке және жеке тұлғалардың 4 729 өтініші қаралды (6.1-сурет), бұл алдыңғы аймен салыстырғанда 13,9%-ға көп.

Азаматтар мен кәсіпкерлік субъектілері өтініштерінің жалпы санынан негізгі үлесі немесе 55,3%-ы банк секторына (банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар) тиесілі (6.2-сурет).

Басқа секторлар бойынша үлестер мынадай түрде бөлінген: микроқаржы ұйымдары қызметінің мәселелері бойынша – 26,7%, сақтандыру нарығының субъектілері – 2,7%, коллекторлық агенттіктер – 7,3%, өзге де ұйымдардың қызметі мәселелері бойынша – 4,5%, қаржы ұйымының атауын көрсетпей – 3,5%.

Есепті кезеңде өтініштердің өзекті мәселелері мыналар болды:

1) банк секторында:

- қарыз алушы үшінші тұлғалардың ықпалымен, оның ішінде алаяқтық жолмен ресімдеген берешекті өндіріп алу/қарызды қайта құрылымдау/берешекті есептен шығару бойынша іс-қимылдарды қолданысын тоқтата тұруға жәрдемдесу;

- қарыздарды, оның ішінде атқарушылық іс жүргізу жүргізіліп жатқан қарыздар бойынша өтеу талаптарын өзгертуге жәрдемдесу (кесте құру, кейінге қалдыру, медиативтік немесе татуласу келісімін жасау және т.б.);

- қарыз алушының қарыз шарты бойынша берешек сомасымен келіспеуі, сондай-ақ сыйақы, айыппұлдар, өсімпұлдар және/немесе ЖТСМ-нің дұрыс есептелуін жүзеге асыру/тексеру туралы өтініш жасауы;

- қарыз алушылардың шоттарынан сот орындаушыларының тыйымдарын және/немесе кредиторлардың төлем талаптарын алып тастауға жәрдемдесу;

- кредиторлардың қарыздар мен микрокредиттерді қайта құрылымдау туралы борышкерлер жіберген өтініштерге жауап бермеуі.

2) сақтандыру секторында – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі бойынша келтірілген зиянды бағалаумен келіспеу.

- 3) микроқаржы секторында:
- берешекті қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру, кешіру және микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту;
 - микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді түсіндіру;
- 4) коллекторлық агенттіктердің қызметі бойынша:
- коллекторлық агенттіктер қызметкерлерінің және жеке сот орындаушыларының іс-әрекеттеріне шағымдар;
 - тұтынушылық (кепілсіз) қарыз бойынша берешекті қайта құрылымдауға жәрдемдесу;
 - қарыз алушылардың шоттарынан сот орындаушыларының тыйымдарын және/немесе кредиторлардың төлем талаптарын алып тастауға жәрдемдесу.

6.2 Қолданылған ықпал ету шаралары және санкциялар

Агенттік Қазақстан Республикасы заңнамасының анықталған бұзушылықтары бойынша екінші деңгейдегі банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, коллекторлық агенттіктердің және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың әрекеттерінде 2023 жылғы қазанда 15 ұсынымдық қадағалап ден қою шарасын, 4 жазбаша ұйғарым, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 65 хаттама бойынша жалпы сомасы 24 835,2 мың теңгеге 12 әкімшілік жаза қолданды, оның ішінде:

- 1) екінші деңгейдегі банктерге – 11 ұсынымдық қадағалап ден қою шарасы, 81,4 мың теңге сомаға 1 әкімшілік жаза;
- 2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына – 4 ұсынымдық қадағалап ден қою шарасы, 345 мың теңге сомаға 1 әкімшілік жаза;
- 3) коллекторлық агенттіктерге – әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 3 хаттама бойынша 828 мың теңге сомаға 2 әкімшілік жаза;
- 4) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға – 4 жазбаша ұйғарым, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 60 хаттама бойынша 23 580,8 мың теңге сомаға 8 әкімшілік жаза.

Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарының қаржы нарығы секторлары бойынша негізгі бұзушылықтары мыналарға:

- клиенттердің өтініштерін объективті, жан-жақты және уақтылы қарауды қамтамасыз етпеуге, қарыз алушының борыш жүктемесі коэффициентінің ең жоғары деңгейін асыруға, сот орындаушысының тыйымы бар болған кезде клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтатпауға, клиенттің ақша аударымы бойынша нұсқауларын уақтылы орындамауға;
- клиенттердің өтініштерін объективті, жан-жақты және уақтылы қарауды қамтамасыз етпеуге, Қағидалардың¹² талаптарын бұза отырып, көлік құралына келтірілген зиян мөлшерін айқындауға, сақтандыру төлемін жүзеге асырмауға;
- кредиттік тарих субъектілері бойынша мәліметтерді кредиттік бюроға уақтылы және дұрыс ұсынбауға;
- микрокредит беру құпиясының сақталуын қамтамасыз етпеуге, микрокредит беру туралы шарттарда жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін дұрыс көрсетпеуге, кредиттік тарих субъектілері бойынша мәліметтерді кредиттік бюроға уақтылы және дұрыс ұсынбауға қатысты болды.

¹² «Мамандандырылған бағдарламалық қамтылымға қойылатын талаптарды және Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 14 қаулысы

6.3 Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасы

Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасының (бұдан әрі - Бағдарлама) шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыруды/қосымша көмек көрсету шараларын көрсетуді 12 банк¹³ және 3 ипотекалық ұйым жүзеге асырады.

2004-2009 жылдар аралығындағы кезеңде ипотекалық қарыз алған қарыз алушылардың жалғыз баспанасын сақтап қалуға бағытталған Бағдарламаның бірінші бөлігі шеңберінде банктер 01.11.2023 ж. жағдай бойынша 198,6 млрд теңгеге 32,3 мың қарызды қайта қаржыландырды

2016 жылғы 1 қаңтарға дейін берілген валюталық ипотекалық қарыздарды айналдыруға/қайта қаржыландыруға бағытталған Бағдарламаның екінші бөлігінің шеңберінде, іске асыру кезеңінде банктер 137,6 млрд теңге сомаға 14 мың валюталық ипотекалық қарызды айналдыруды/қайта қаржыландыруды жүргізді. Валюталық қарыздарды айырбастау/қайта қаржыландыру 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін өткізілетін болады.

Бағдарламаның үшінші бөлігі шеңберінде банктер қарыздары бұрын Бағдарламаның шеңберінде қайта қаржыландырылған ХЭОТ-қа жататын ипотекалық қарыз алушыларға қосымша қаржылай қолдау шараларын көрсету бойынша жұмыс жүргізуде. Қарыз алушының берешегін азайту, өтеудің жеңілдетілген кестелерін белгілеу, сондай-ақ қарыз алушының меншігіне банк балансында есепте тұрған жалғыз баспанасын қайтару түрінде қолдау шаралары көрсетіледі. 01.11.2023 жылғы жағдай бойынша қосымша қолдау шаралары 74,7 млрд теңге сомаға 10,6 мың қарыз алушыға көрсетілді. Ипотекалық қарыз алушыларға көмек көрсету мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды.

¹³ «Альфа Банк» ЕБ АҚ-ты «Банк ЦентрКредит» АҚ сатып алды, «Астана Банкі» АҚ мәжбүрлі түрде таратылды, «Qazaq Banki» АҚ тарату сатысында, «Банк Kassa Nova» АҚ-ты «Фридом Финанс» АҚ сатып алды, «Capital Bank Kazakhstan» АҚ мәжбүрлі түрде таратылды, «Цеснабанк» АҚ-ты «Jusan Bank» АҚ сатып алды.